

ӨЗГЕ ТІЛДІ ТОП СТУДЕНТТЕРІНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ТІЛДІК DAҒДЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

FORMATION OF LANGUAGE SKILLS AMONG STUDENTS OF A FOREIGN LANGUAGE GROUP USING INTERACTIVE METHODS OF TEACHING THE KAZAKH LANGUAGE

Лаура Оразғалиева
Laura Orazgaliyeva

Түйіндеме

Мақалада филологиялық емес мамандықтар студенттеріне қазақ тілін оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану арқылы тілдік дағдыларды қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Тіл үйретуді құндылық бағдарлы оқыту мақсатында оқытудың тиімділігі көрсетілген. Студенттердің тыңдалым, оқылым, айтылым және жазылым дағдыларын қалыптастыру үшін интербелсенді тапсырмалар конструктивті оқыту теориясына сәйкес ұйымдастырудың маңыздылығы талданған. Студенттің тілдік дағдыларын дамыту оқудың интербелсенді тәсілдерін жүйелі түрде қолдану арқылы жүзеге асырылғанда нәтижелі болатындығы тұжырымдалған.

Кілтсөздер: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдік дағдылар, құндылықтар, құндылық бағдарлы оқу, интербелсенді тәсілдер

11

Abstract

The article deals with the problem of formation of language skills among students of non-philological specialties using interactive methods of teaching the Kazakh language. The effectiveness of value-oriented language teaching is shown. The importance of organizing interactive tasks in accordance with the theory of constructive learning for the formation of students' listening, reading, speaking and writing skills is analyzed. It is concluded that the development of a student's language skills becomes productive with the systematic use of interactive learning methods.

Keywords: listening, pronunciation, reading, writing, language skills, values, value-oriented reading, interactive approaches

КІРІСПЕ

Әлемдік білім беру жүйесінде 21 ғасыр дағдылары мәселесі қарастырылып жатыр. 21 ғасыр дағдылары мен құзыреттіліктерін бағалау және оқыту бойынша ірі халықаралық ғылыми жобаның жетекшісі, Мельбурн университетінің профессоры Патрик Гриффин 21 ғасырда сын тұрғысынан ойлау, өзара әрекеттесу мен коммуникацияға, іске шығармашылықпен келу дағдыларына басымдық беріліп отырғанын айтады. [1] Әлемдік қоғамдастықтың мүшесі ретінде Қазақстан Республикасында да жас ұрпақтың бойына бұл дағдыларды қалыптастыруға басымдық беріледі. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қолданыс аясын кеңейту және өмірдің барлық саласында жастар қазақ тілін тұтына алу үшін коммуникативтік дағдыларды дамыту оқытуда ерекше орын алады. Тіл мәселесін руханияттан бөліп қарауға келмейді. Сондықтан мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқытқанда жалпыадамзаттық, ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың бойына сіңіруді есте ұстау керек. Бұл қазақ тілін оқытуда құндылық бағдарлы оқытуды негізге алғанда мүмкін болады. «Құндылық бағдарлы оқытуда білім берудің жүйелеуші мәнге ие болып, аксиологиялық компонент орталық ретінде шоғырландырып, жалпы адамзаттық құндылықтар негізгі орын алады» [2.93].

Қазіргі білім беруде оқу мақсаттарын белгілеу негізі ретінде бағдарлы дамытатын құндылықтар жүйесін анықтап алу керек болады. Өйткені құндылықтар жүйесі тұлғаның дүниетанымының құрамдас бөлігі ретінде қоғамда өз орынын табуына көмектеседі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстан Республикасының «Мәңгілік Ел жалпыұлттық идеясында» белгіленген құндылықтарды жас ұрпақ бойында қалыптастыру жалпы білім беретін мектептерден бастап, жоғары оқу орындарында да жүзеге асырылады. Мысалы, университет миссиясында: «Ұлттық патриотизм идеясына берілген және құқықтың, экономика мен ғылымның маңызды бағыттарының дамушы мәселелерін шешуге бағдарланған, таңдау мүмкіндігіне ие, елдің бәсекеге қабілетті гуманитарлық-құқықтық элитасын қалыптастыру» – деп көрсетіген. Яғни оқу орындары білім берумен бірге тұлға қалыптастыруды өздерінің басты миссиясы деп біледі. Осындай құндылықтардың қатарында толеранттылық та бар. Құндылық бағдарлы оқу қағидаларына сәйкес қазақ тілі сабағын ұйымдастыру кезінде тілдік дағдыны қалыптастыру үшін пайдаланылатын мазмұндық компонент ретінде толеранттылық құндылығын алуға болады. Бұл құндылық көпұлтты Қазақстан үшін аса маңызды екені белгілі. Әрі толеранттылық ұғымы қазақ халқының дүниетанымында ерекше орын алады. Дәлірек айтқанда, қазақ халқы тек толерантты емес, бауырмал халық деп айта аламыз. Ұлы Абай бұл ұғымды «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» тұжырымдама деңгейіне көтерген. Қазақ халқының өмірі бұл тұжырымдаманың іс жүзінде жүзеге асқанын көрсетеді.

Қазақ тілін оқытудағы тілдік мақсат студенттердің коммуникативтік, жазылым, тыңдалым, айтылым дағдыларын дамыта отырып, академиялық тілді қалыптастыру болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін оқытудың интербелсенді әдістері қолданылады. Студенттер ересек адамдар болғандықтан, дайын жауапты бергеннен гөрі, өздеріне ізденуге мүмкіндік бергенде оқуға зейін қояды. Сонымен бірге бұл мен үшін қажет деп танығанда білімге ұмтылып, мәселенің мәнін түсінетін болады. Яғни студенттерді оқыту кезінде андрагогиканың қағидастарын басшылыққа алу керек. Соның ішінде:

1. Білуге қажеттілік. Ересектер бір нәрсені оқып үйрену үшін алдымен бұл не үшін қажет екенін түсіну керек.
2. Тәжірибенің маңызы. Білім алу қызметіне ересектер белгілі бір тәжірибесі бар болып келеді.
3. Оқуға дайындық. Ересектер өздері білу керек нәрсені оқиды [3]. Студенттерге ересек адам ретінде қарап, берілетін білімнің қажеттілігіне, өмірлік маңызы барына көздерін жеткізу керек.

Осы мақсатта тақырыпқа кіріспе тапсырмаларды мұқият қарастырып, таңдаудың маңызы ерекше. Тапсырма жаңа тақырыпқа деген студенттерге берілетін білімнің қажеттілігіне көздерін жеткізіп, оқуға дайындайтындай болу керек. Ол үшін студенттердің жинақталған біліміне жүгінуге болады. Студенттердің қызығушылығын, уәжін арттыру, ой қозғау үшін «Еркін хат» тәсілін пайдалана аламыз. Ол үшін студенттерге толеранттылық туралы не білетіндерін еркін түрде 3 минутта кідіріссіз жазу тапсырылады. Студенттердің жауаптарында «Толеранттылық – басқа ұлтты сыйлау», «Толеранттылық – өз ара келісімге келле алу», «Толеранттылық туралы Елбасы сөзінен естіген едім» сияқты т.б. болуы мүмкін. Ең бастысы ересек адам ретінде студенттерде толеранттылық туралы өз түсініктерін тереңдетуге деген қызығушылық туындайды. Яғни студент өз ойын жүйелеп, жеткізу үшін білімнің маңызды екенін түсінеді. Еркін хат жазу арқылы студент өзінің жазылым дағдыларын да дамыту қажеттігін сезінеді. Зерттеуші А.В.Богачева: «Пәннің мақсаты – шешен тәрбиелеу емес, сұхбаттасушысын тыңдап, түсіне алатын, диалог барысын белсенді бағыттай алатын, сонымен бірге

қажеттілік туындаса, сұхбаттасушыға қателігін көрсете алатын коммуникант дайындау болып табылады. Тыңдалым материалының көрнекі құралы ретінде радио және телеэфирлерді пайдалану – осы мақсатқа жетудің бір тәсілі» [4.199}. Қазіргі кезде тыңдалым дағдыларын жетілдіру үшін ғаламтордағы бейнеқорларды тиімді қолдануға да болады. Соның ішінде қазақ тіліндегі бейне-аудиоқорлар да жеткілікті деңгейде бар. Студенттерге дайын білім берілмей, өздері ой қорыту үшін «Бір ел - бір халық – бір тағдыр» фильмінің бір сериясы көрсетіледі. Бұл фильм 3-5 минут уақытты қамтиды, белгілі бір сюжетке құрылған. Мазмұны өте терең және сапалы түсірілген. Сондықтан тіл үйрену, құндылық бағдарлы тәрбие беру үшін де кеңінен қолдануға болады. Көріп болғаннан кейін студенттер жұпта талқылай отырып, фильм туралы ой бөліседі. Нәтижесінде өз ойларын қорытындылап, қысқаша ойтүйін жазады. Ойтүйінді жұптың бірлесіп жазуы маңызды болып табылады. Бұл тапсырманы орындау барысында студенттердің өздерінің тыңдалым, айтылым, жазылым дағдыларын дамытады деп көзделеді. Ойтүйінді жеке және еркін түрде орындаған жағдайда, бұл дағдылардың бәрі бірдей қамтылмай қалуы мүмкін. Сондықтан тапсырманы орындау критерийлері, талаптары барынша анық болу керек. Бұл үшін белгілі бір құрылым ұсынуға немесе ойтүйіннің сөз саны, сұрақтары нақты болғаны дұрыс. Айталық, фильм көрсетілімінен бұрын ойтүйін жазу үшін мына үлгідегі нұсқама беріп қоюға болады: 1. Фильм үзіндісін көргенде толеранттылық ұғымын ойда ұстау; 2. Толеранттылық ұғымын дәйектейтін деректерді іздеу; 3. Ойтүйін жазғанда толеранттылық туралы тұжырым жасау; 4. Қазақ халқының толеранттылығын деректерді келтіре отырып дәйектеу т.б. Нақты берілген нұсқаманың өзі фильмді жай тамашаламай, студенттерді мақсатты әрі белсенді тыңдалымды жүзеге асыруларына итермелейді. Мақсатты тыңдалымда студент зейінін шоғырландырып, толғана отырып түйсінетін болады. Бұл тапсырманы орындау барысында тыңдалымға басымдық беріледі. Ойтүйін жазу үдерісінде өз ойларын дәйектеуді (аргументация) пайдалана отырып жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын да жетілдіретін болады. Тыңдалымнан кейінгі жазылым студенттерге өз ойларын жинақтап, қорытуға мүмкіндік береді. Сол арқылы келесі қадамды жасауға дайын тұрады.

Айтылым дағдыларын жетілдіру мақсатында жұптар үш рет ауысып, бір-біріне фильм туралы айтып береді. Әр айтқан сайын студенттің өзіне деген сенімділігі артып, айтылым дағдысы жетіле түседі. Айтушы мен тыңдаушы болуына қарамастан, тапсырмада, бірінші кезекте, монологтік айтылым орын алады. Өйткені екінші тарапта рефлексиялық емес тыңдалым жүзеге асады. Мұндай тыңдалымда тыңдаушы сөзге араласпайды, бірақ түсіну ниетінде зейін қоя тыңдайды. Бірінші айтылым кезінде бейнежазбаның мазмұны айтылатын болады. Айтушы бейнежазбаның сюжеттік желісін сақтай отырып, әңгімелеп беретін болады. Бұл жерде айтушы студенттің лексикалық қорына, сөздерді дұрыс қолданып, сөйлем құрауына көңіл бөлінеді. Тыңдалым үдерісінде тыңдаушы сөйлеушінің айтқандарын мұқият тыңдап, өзі көрген сюжеттің қалай сақталғанын, қандай сөздер қоланылғанын және айтушының баяндауы қаншалықты қызықты болғанына назар аударады. Айтылым мен тыңдалымның сапалы болуы үшін өзара бағалау пайдаланылады. Ол үшін әр айтылым кезеңі үшін бағалау критерийлері ұсынылады және топпен алдын ала талқыланатын болады. Бірінші айтылым үдерісінде тыңдалымды жүзеге асырушы бағалау үшін мына бағалау критерийлері ұсынылады.

Бағалау критерийлері

№	Критерийлер	иә	ішінара	жоқ
1.	Бейнежазба сюжетін сақтап баяндады			
2.	Сөздерді мағынасына сәйкес орынды қолданды			

3.	Экспрессивті, бейнелі сөздерді, сөз тіркестерін қолданып қызықты баяндады			
4.	Бейвербалды тәсілдерді тиімді пайдаланды			

Шәкілдердегі «иә», «ішінара», «жоқ» сөздеріне белгі соғып отыратын болады. Екінші айтылым үдерісі «Бейнежазба туралы пікір» деп аталады. Бұл айтылымда бейнежазбаның сюжеті баяндалмайды. Айтушы бейнежазбаның басты идеясы, оған өзінің көзқарасын айтатын болады. Ол үшін де арнайы бағалау критерийлері жасалады. Бұл критерийлер айтылымды жүйелеуге және тыңдаушы тарапынан бағалауға пайдаланылатын болады.

Бағалау критерийлері

№	Критерийлер	иә	ішінара	жоқ
1.	Бейнежазбаның түйінді идеясын анықтайды			
2.	Фильм жөнінде өз көзқарасын білдіреді			
3.	Өз пікірін мысалдар келтіре отырып дәйектейді			

Айтылымды жүзеге асырушы студент үшін бұл критерийлер нұсқама орынында болады. Ал тыңдалымды жүзеге асырушы студент айтушыны осы критерийлер бойынша бағалап отыратын болады. Әр тыңдалым соңында студенттен өз бағасын дәйектеу сұралатын болады. Осылайша тұрақты бағалап отыру айтушы студентті де, тыңдаушы студентті де мақсатқа бағыттап, терең тыңдалымның орын алуына және айтылымның жүйелі болуына жетелейді. Осы үдерісте студент өз ойында қалуы да мүмкін. Сонымен бірге құрбысының айтқандары бойынша өз түсінігін тереңдететін болады. Өзі де айтылымды жүзеге асыратын болғандықтан, студент үшін сұхбатасушының айтылым дағдылары аса маңызды. Ол тыңдалым үдерісінде өзіне қажетті айтылым дағдысын үйреніп алуға тырысатын болады. Айтылым мен тыңдалымның үшінші кезеңінде жұптағы студенттер бейнежазбаға және одан кейін болған айтылымға қатысты бір-біріне сұрақ қойып, жауап беретін болады. Бұл үдерісте де жұптағы студенттер бір-бірін бағалайтын болады. Ол үшін оларға мынадай бағалау критерийлері ұсынылады:

Бағалау критерийлері

№	Критерийлер	иә	ішінара	жоқ
1.	Сұрақ түсінікті қойылды			
2.	Жауап сұраққа сәйкес және жан-жақты дәйектелді			
3.	Бейнежазба идеясына сәйкес өмірден дәлел келтірді			

Бұл кезеңде жұптағы студенттер бір-біріне екі сұрақтан қойып, жауап береді. Бірінші сұрақ бейнежазба бойынша сұхбаттасушының айтқан ойын нақтылау мақсатында қойылады. Екінші сұрақ бейнежазбадағы белгілі бір идея, ойды өмірдегі өз тәжірибесімен байланыстыруға қатысты болады. Айтылым және тыңдалым үдерісінің осылайша құрылымдалып берілуі «қарапайымнан күрделіге» қағидасына негізделеді. Жұптағы студенттер арасында өзара оқыту және өзара бағалау үдерісінің қатар жүруі оқу тиімділігін арттыратын болады. Бұл үдерістің жүзеге асуы барысында оқытушы топтардың, студенттердің әрекетін мұқият бақылайды. Өйткені студенттерде тілдік дағдылардың қалай қалыптасып жатқанын білу қажет. Сол арқылы тілдік дағдыларды оқытуда не мәселелерге көңіл аудару керек екенін түсінуге болады. Сонымен бірге студенттердің оқуы тек берілген тапсырманың нәтижесімен ғана бағаланбайды. Әр студент тапсырманы орындауға қалай келді, топтық жұмысқа қандай үлес қосты, тілдік

дағдыларын қалай пайдалана алды деген сұрақтарға жауап ала отырып, олардың өзара бағалау нәтижелерін назарға ала отырып бағаланатын болады.

Осыдан кейін студенттің жазылым және дәйектеу дағдысын ұштай түсу мақсатында белгілі бір жазылым стратегиясын қолдануға болады. Мысалы, қысқа да нұсқа, дәйекті ой қорытуы үшін «Төрт сөйлем» тәсілін ұсына аламыз.

1. Пікір (Фильм бойынша туындаған өзіндік пікір)1 сөйлем;
2. Дәлелмен дәйектеу (Келтірілген өзіндік пікірді 1 сөйлеммен дәлелдеп шығу) 1 сөйлем;
3. Мысал (Мысал фильмнен алынады) 1 сөйлем;
4. Қорытынды (Тағы бір рет пысықтап, қорытынды шешімді бір сөйлеммен келтіру керек).

Студенттер нақты құрылым болғандықтан, жазылым үдерісі жүйелі жүзеге асырады. Студенттер сабақ барысында алған білімдерін қорытып, ең маңызды деген мәселелерге көңіл аударады. Көрген фильмді және оған байланысты өткен талқылауларды есіне түсіріп саралайтын болады. Өз әрекетін және құрбыларының әрекетін талдай келе, қорытынды ой түйеді. Сабақ барысындағы тәсілдерде белгілі бір дағдыларды дамытуға басымдық берілгенмен де, кешенді мақсаттарды көздейді. Оның құрамында білімдік, тәрбиелік мақсаттар өзара сабақтасып жатады.

Жоғары мектеп болған соң да, студенттердің академиялық тілді білуіне және академиялық стильді меңгеруіне басымдық берілетін болады. Академиялық стильді қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі эссе екені дау туғызбайды. ХХІ ғасырда орта мектепте де, жоғары мектепте де эссе жанрын оқу үдерісінде белсенді пайдалану үрдісін байқаймыз. Сонымен бірге философтар, жазушылар, журналистер де бұл жанрға көбірек көңіл бөле бастады. Жоғары мектепте академиялық эссе пәнді меңгерудің тиімді тәсілдерінің бірі ретінде қолданыла бастады. Тек тілдік пәндер емес, тарих, философия, әлеуметтану, журналистика сияқты қоғамдық пәндерінде белсенді қолданылса, математика, физика, химия сияқты дәл ғылымдармен байланысты пәндерде де эссе аралық не қорытынды бақылау алу кездерінде орын алады. Кейінгі кезде эссенің кең таралуына оның жанрлық алуан-түрлілігі мен жазушыға еркіндік беруі себеп болды дей аламыз. Өйткені бір қарағанда эссенің жанрлық сипаты мен композициялық құрылымына қатаң талап қойылмайды. Сонымен бірге эссенің өзіне ғана тән әдіс-тәсілдері мен ішкі желісі бар. Сол арқылы студент белгілі бір ғылым саласы немесе туындаған мәселе бойынша зерттеушілік ізденіс жүргізіп, ой өрбітіп, өз пікірін ұсына алады. Қазіргі таңда эссе жанрының әр алуан түрде көрініс тапқан композициялық типтері мен үлгілері бар. Қазақ тілін үйрету үдерісінде эссенің әр түрлі композициялық типтері кеңнен пайдаланылады. Соның ішінде академиялық эссе курстық, дипломдық жұмыстар, ғылыми жобалар, мақалалар сияқты ғылыми жанрлардың бірі болып табылады. Академиялық эссе жанрын пайдалану оқу үдерісінің сапасын арттырады, студент өз пікірін білдіруге және дәлелдеуге кең мүмкіндік алып, қызығушылығы арта түседі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, студенттің тілдік дағдыларын дамыту оқудың интербелсенді тәсілдерін жүйелі түрде қолдану арқылы жүзеге асырылғанда нәтижелі болады. Тілдік дағдыларды мақсатты түрде дамыту үдерісінде студенттердің болашақ кәсіби қызметі үшін және тұлғалық дамуы үшін қажетті басқа да дағдылары қоса дамып отырады. Мысалы, студенттің дәйектеу, сыни ойлау және шығармашылық дағдылары туралы айта аламыз. Тілдік дағдыларды дамытуда оқу үдемелігі қағидаларын ескеру нәтижелілікті арттырады. Ал құндылық бағдарлы оқу қағидалары тілдік дағдыларды меңгерту үдерісіне кедергі келтірмей, керісінше мәнін арттырып, тұлғаның дамуын жан-жақты қолдауға мүмкіндік береді.

Пайдаланылган әдебиеттер

1. «Навыки XXI века»: новая реальность в образовании// <http://www.hr-portal.ru/article/navyki-xxi-veka-novaya-realnost-v-obrazovanii>
2. Калинин А.В. Ценностно-ориентированное развитие студентов в процессе профессионально-педагогической подготовки. Диссертация на соискания кандидата педагогических наук. Воронеж, 2001
3. Кукуев А.И. Андрагогика М. Ноулза: содержательная и процессуальная модели. // Вопросы международного сотрудничества в образовании Южного региона. № 3-4: научный журнал. – Ростов-на-Дону: ИПО ПИ ЮФУ, 2008. – С.29-34.
4. Богачева А. В. Развитие языковых навыков учащихся посредством аудиометода :На базе отрицательного речевого материала из радио- и телеэфира//дисс.канд.пед.наук. Нижний Новгород, 2005г.